



БҰЙРЫҚ

16 мамыр 2019
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *222*
город Астана

**«Марат Оспанов атындағы Батыс
Қазақстан медицина университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Директорлар кеңесінің
кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы 42-тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № КГИП-5-3822-КГИП-2037 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мынадай:

1) «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамы 6 (алты) адам;

2) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі 3 (үш) жыл болып айқындалсын.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мынадай мүшелері сайлансын:

1) Біртанов Елжан Амантайұлы – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі;

2) Сыдықова Сәуле Ильясқызы – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті директорының міндетін атқарушы;

3) Тойбаев Амангелді Сағынбайұлы – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Мемлекет қатысатын мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс басқармасының басшысы;

4) Телеуов Мұрат Койшыбайұлы – Қоғам Басқармасының төрағасы-ректоры;

- 5) Ақшолақов Серік Қуандықұлы – тәуелсіз директор;
 - 6) Салжанов Исламбек Төлеубайұлы – тәуелсіз директор.
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және активтер департаменті осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.
4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі**



Е. Біртанов